

## «Bereke-de Premium» акциясының ережелері (бұдан әрі – «Ережелер»)

**Акция** - «Bereke Bank» АҚ-та өткізілетін Mastercard World Elite төлем карталары бойынша маркетингтік акция (бұдан әрі – «Акция»)

**Банк** – «Bereke Bank» АҚ Акция ұйымдастырушысы болып табылады.

**Карта** - Банк Клиенттің атына шығарған Mastercard World Elite төлем картасы.

**Акцияны өткізу кезеңі** - 01.10.2025 жылдан бастап 31.12.2025 жылға дейін.

**Тарифтер** - Банктің <https://berekebank.kz/> сайтында жарияланған Жеке тұлғаларға, Занды тұлғаларға және Жеке кәсіпкерлерге қызмет көрсету тарифтері.

**Акция қатысушысы** – Акцияға қатысу шарттарын орындаған және келесі шарттарға сәйкес келетін Банктің клиенті: Карта шығарылған күнге дейін 90 күн ішінде басқа жарамды Картасы болған жоқ.

### 1. Акцияға қатысу талаптары:

1.1. Акция өткізілу кезеңінде Картаны шығару және келесі шарттардың бірін орындау:

1.1.1. Картаны шығарғаннан кейін 7 (Жеті) күн ішінде ашылған Банктегі салымда Акцияның өткізілу кезеңінде 100 000 (Жүз мың) теңгеден кем емес соманы сақтау.

1.1.2. Картаны шығарғаннан кейін 90 (Тоқсан) күн ішінде ашылған Банктегі салымда кем дегенде бір жұмыс күні ішінде 20 000 000 (Жиырма миллион) теңгеден кем емес соманы сақтау.

### 2. Акция шеңберіндегі сыйақылар

2.1. Ереженің 1.1.1-тармағына сәйкес қатысу шарттарын орындау кезінде негізгі Картаның 1 (бір) жылдық қызмет көрсетуі үшін комиссия Акцияның өткізілу кезеңінде алынбайды. Акцияның өткізілу кезеңі аяқталғаннан кейін Карталарға қызмет көрсету Банктің тарифтеріне сәйкес жүргізілетін болады.

2.2. Ереженің 1.1.2-тармағына сәйкес қатысу шарттарын орындау кезінде негізгі Картаның 1 (бір) жылдық қызмет көрсетуі үшін комиссия Картаның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе жабылғанға дейін алынбайды. Қатарынан 3 толық күнтізбелік ай ішінде Карта бойынша белсенділік болмаған жағдайда, Банк Картаға қызмет көрсетуді Банк Тарифтеріне сәйкес шарттарға ауыстыруға құқылы.

### 3. Өзге талаптар

3.1. Банк Акция қатысушыларын Банктің <https://www.berekebank.kz> сайтында Ережелердің жаңа редакциясын жариялау арқылы хабарландыра отырып, Акция Ережелеріне өзгертулер енгізуге құқылы. Сонымен қатар Банк Акцияға қатысушыларға Ережелердің өзгеруі туралы маркетингтік және/немесе ақпараттық материалдарды ұсыну жолымен хабарландыруға да құқылы.

3.2. Акцияға қатысушылар <https://www.berekebank.kz> сайтында орналасқан Акция Ережелерімен және өзекті өзгертулермен өз бетінше танысады.

3.3. Банк еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда Акция қатысушыларына мұндай шешім туралы алдын ала хабарландырмай, өз жеке қалауы бойынша Акцияны өткізуді біржақты тәртіппен тоқтату немесе уақытша тоқтата тұру құқығын өзіне қалдырады.

3.4. Банк Акция қатысушыларының Акцияға қатысуына байланысты пайда болуы мүмкін ақшалай залалдардың, ұсталымдардың және өзге де кез-келген шығындардың орнын толтырмайды және қайтармайды.

3.5. Ережелерге кез келген өзгерістер мен толықтырулар Банк көрсеткен күннен бастап күшіне енеді және Карта ұстаушыларға қатысты қолданылады. Ережелердің жаңа редакциясы күшіне енгеннен кейін Клиенттің ағымдағы шоттар бойынша/Карталарды пайдалана отырып операциялар жүргізуі Клиенттің жаңа Ережелермен келісуін білдіреді.